

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасының арасындағы БҰҰ аясында ұжымдық бітімгершілік батальонын ұйымдастыру және құру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 31 қазандағы N 181

1995 жылғы 15 желтоқсанда Жамбылда қол қойылған Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасының арасындағы БҰҰ аясында ұжымдық бітімгершілік батальонын ұйымдастыру және құру туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және
Өзбекстан Республикасының арасындағы БҰҰ аясында
ұжымдық бітімгершілік батальонын ұйымдастыру
және құру туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі қарай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы,
Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы,
Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелері болып табыла отырып,
халықаралық қауымдастықтың дүниежүзінде бейбітшілік сақтау үшін
жоғары жауапкершілігіне ортақтаса отырып,
дүниежүзінің түрлі аймақтарында жоғары шиеленіс әлеуетінің
болуын назарға ала отырып,

БҰҰ-ның дағдарыстарды реттеу, соғыс қатерін болдырмау және бейбітшілікті
сақтау жөніндегі күш-жігеріне бірлескен үлес қосуға ұмтыла отырып,
мына төмендегілер жөнінде келісті:

1. Тараптар БҰҰ-ның әскери және бітімгершілік күштері қызметінің принциптері бойынша миссиясын орындау үшін Орталық Азия бітімгершілік күштері батальоны деп және бұдан әрі қарай Орталықазбат деп аталатын БҰҰ-ның аясында ұжымдық бітімгершілік батальонын құруға өздеріне міндеттемелер алады.

2. Орталықазбаттың құрылымы, командованияесі және басшылығы, сондай-ақ батальон ішінде жауапкершіліктердің шектелуі Тараптар арасындағы келісім бойынша а й қ ы н д а л а т ы н б о л а д ы .

3. Орталықазбат Тараптардың әскери қызметшілері мен әскери дайындықтан өткен азаматтары қатарынан келісім-шарт және еріктілік негізіндегі жеке құрамнан құралады.

4. Орталықазбаттың сандық құрамы Орталықазбаттың құрылымы мен құрамына сәйкес және БҰҰ Миссиясымен келісіле отырып, Тараптардың келісімі бойынша а й қ ы н д а л а т ы н б о л а д ы .

2-бап

1. Орталықазбаттың жеке құрамын даярлау және жаттықтыру мақсаттарында Тараптар бір-бірімен келісе отырып, тиісті ұлттық бітімгершілік бөлімшелерін құрады.

2. Ұлттық бітімгершілік бөлімшелері Орталықазбат командованияесінің бақылауына көшкенге дейін олар Тараптардың тиісті органдарының бақылауында болады.

3-бап

Орталықазбаттың жеке құрамын қаржыландыру және материалдық-техникалық жабдықтау бір жағынан, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы мен екінші жағынан, БҰҰ арасындағы арнаулы келісімдерге сәйкес ұ й ы м д а с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

4-бап

1. Орталықазбаттың жеке құрамы үшін тұрақты орналасқан жеріндегі қызмет мерзімі ішінде, сондай-ақ олардың екінші Тарап аумағында болу кезеңі (жаттығу, әзірлік, сабақтар және т.б.) ішінде қызмет ету шарттары, төлемақысы, салық төлеуі, сондай-ақ әлеуметтік және заңдық кепілдемелері Тараптардың жекелеген Келісім жасау жолымен келісілуге жатады.

2. Екінші мемлекеттің аумағында БҰҰ бітімгершілік миссияларының операцияларына басшылық жасау, сондай-ақ олардың орналасқан жердегі міндеттері, жауапкершілігі және құқықтары БҰҰ мандатымен, сондай-ақ Тараптар арасындағы қосымша келісімдермен айқындалады.

5-бап

Орталықазбатты құруға байланысты шұғыл мәселелерді шешу үшін тараптар Үкімет басшыларының Кеңесі оны консенсус негізінде бекітетін біріккен жұмыс тобын (Б Ж Т) құрады.

6-бап

1. Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап уақытша қолданылады және қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың орындалғаны туралы Тараптар бір-біріне мәлімдеген сәттен бастап күшіне енеді және Тараптардың біреуі өзінің осы Келісімнен шыққысы келетіні туралы басқа Тараптарда жазбаша түрде хабарлаған кезге дейін қолданыла беретін болады. Келісім мұндай мәлімдеуден кейін алты ай өткен соң, әйтсе де Орталықазбат өткізіп жатқан бітімгершілік операциясы аяқталып біткеннен соң ғана өзінің күшін тоқтатады.

2. Келісім қолданысының аяқталуымен байланысты барлық мәселелерді Үкіметтер басшыларының Кеңесі тағайындайтын арнаулы комиссия шешетін болады.

Осы Келісімді түсіндіру мен хабарландыруға байланысты мәселелер Тараптар арасындағы үштараптық консультациялар арқылы ғана шешіле алады.

Жамбыл қаласында 1995 жылғы 15 желтоқсанда үш данада, орыс тілінде жасалды.

Қазақстан	Қырғыз	Өзбекстан
Республикасы	Республикасы	Республикасы
үшін	үшін	үшін

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және
Өзбекстан Республикасы мемлекетаралық кеңесінің
атқарукомы

Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының,
Өзбекстан Республикасының БҰҰ-ның аясында бітімгерші
операцияларда пайдалануға арналған бітімгерші батальонын
материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету туралы
КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы мемлекеттері Басшыларының БҰҰ-ның аясында бітімгерші батальонын құру туралы Шешімін, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасының арасындағы БҰҰ-ның аясында ұжымдық бітімгерші батальонын ұйымдастыру және құру туралы келісімін басшылыққа ала отырып,

бітімгерші батальонын дер кезінде және сапалы материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасауға ұмтыла отырып, төмендегілер
ж ө н і н д е к е л і с т і :

Тараптардың әрқайсысы бітімгерші батальонның құрамына кіретін бөлімшелерді жеке құраммен, қару-жарақпен, техникамен, заттай және табельдік мүлікпен штатқа сай Тараптардың қорғаныс министрліктері белгілейтін, келісілген нормалардағы санмен дербес жүзеге асырады.

2-бап

Әрбір Тарап бітімгерші батальонының әскери қызметшілерін Тараптардың қорғаныс министрліктері белгілейтін бірыңғай нормалар бойынша дербес ақшалай үлеспен қамтамасыз етеді.

Бітімгерші батальонының орналасқан жеріндегі бірыңғай төлем құралы қабылдаушы мемлекеттің валютасы болып табылады.

Бітімгерші батальонының орналасқан жерінде валюталарды айырбастау қабылдаушы мемлекеттің заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-бап

Қабылдаушы Тарап бітімгерші батальонының әскери қалашықта орналасуын жүзеге асырады, оны пәтерлік-эксплуатациялық қызметтің қолдағы бар мүлкімен және стационарлық байланыс құралдарымен қамтамасыз етеді.

4-бап

Бітімгерші батальоны жеке құрамының қызметін және оны ұстауды қамтамасыз етуге, коммуналдық-тұрмыстық қызметтерді пайдалануға, алға қойған міндеттерді орындау үшін қажетті инфрақұрылымға, Тараптар беретін материалдық құралдар мен

өзге де қызметтерге байланысты қалған барлық шығындар Тараптардың үлестік жарналарының есебінен жүзеге асырылады. Бұл жерде Тараптардың үлестік жарналарының

көлемдері осы Келісімге Қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Қажет болғанда өзара есеп айырысулар туралы мәселелерді шешу үшін Тараптар консультациялар жүргізетін болады.

5-бап

Тараптар әскери техника мен қару-жаракты жөндеуді өз күштері мен қаражаттарының есебінен жүзеге асыратын болады.

6-бап

Әрбір Тарап бітімгерші батальонын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін әуе және жер үсті көлігімен белгіленген тәртіпте жеткізілетін әскери жүктердің өз аумағы арқылы Тараптардың қорғаныс министрліктері беретін әскери рұқсат қағаздарының негізінде

лицензиясыз әкелуге (әкетуге) және кедендік баж салықтары мен салықтарды алмай кедергісіз ауысып отыруын қамтамасыз етеді.

7-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру барысында туындайтын барлық дауларды Тараптар өзаралық консультациялар және қосымша келісімдерді жасау жолымен шешетін болады.

8-бап

Осы Келісім оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

Әрбір Тарап депозитарийге тиісті жазбаша хабар жіберіп, осы Келісімнен шығуға құқылы.

Келісімнің күші осы Тарап үшін депозитарий аталған хабарды алған соң, алты ай аяқталған бойда тоқтатылады.

Ташкентте 1996 жылғы 5 сәуірде бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

Түпнұсқа дана осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жолдайтын Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық Кеңесінің Атқару комитетінде сақталады.

Қазақстан	Қырғыз	Өзбекстан
Республикасының	Республикасының	Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының,
Өзбекстан Республикасының БҰҰ-ның аясында бітімгерші
операцияларда пайдалануға арналған бітімгерші батальонын
материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз

ету туралы келісімге

ҚОСЫМША

Бітімгерші батальонын қаржыландыру үшін
қатысушы-мемлекеттердің үлестік
жарналарының көлемдері

Қазақстан Республикасы	- 40 %
Қырғыз Республикасы	- 20 %
Өзбекстан Республикасы	- 40 %